

## **2022 жылғы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі мемлекеттік бақылау жөніндегі есеп**

«Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» КМҚК білім беру саласында 7 мемлекеттік қызмет көрсетеді. 2022 жылы барлығы 1585 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы– 713, «электрондық үкімет» веб-порталы (ЭҮП)- 857, мемлекеттік корпорация – 15 көрсетілді. Неғұрлым талап етілетін мемлекеттік қызметтер: техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру-64 қызмет; білім беру ұйымдарының түрлері бойынша білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау-24 қызмет; техникалық-кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді аяқтамаған адамдарға анықтама беру -4 қызмет; техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру - 528 қызмет; техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында 850 қызмет; азаматтардың жекелеген санаттарына, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне тегін тамақ беру-42 қызмет; Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру - 72 қызмет.

Көрсетілетін қызметті алушылар үшін барлық қажетті ақпарат ресми интернет ресурста колледждің «Мемлекеттік қызметтер» бөлімінде [https://www.gov.kz/memleket/entities/sko\\_uob/activities/directions?lang=kz](https://www.gov.kz/memleket/entities/sko_uob/activities/directions?lang=kz) орналастырылған. Сондай-ақ, колледжде ақпараттық стендтер мен сайттарда мемлекеттік қызмет көрсету ережелері орналастырылған. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары жұмыс істейді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру мақсатында колледжде "College Smart Nation" ақпараттық жүйесінде мемлекеттік қызметтер көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзу және негізсіз бас тарту анықталған жоқ. Көрсетілетін қызметті алушылардың жеке тұлғаларынан Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына шағымдар түскен жоқ. Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж 2022 жылдың басынан бастап колледж студенттері үшін де, қызметкерлер үшін де college Smart nation бірыңғай мемлекеттік қызметтер порталы арқылы техникалық және кәсіптік білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша түсіндіру жұмыстары мен оқу семинарларын өткізді. Біздің колледж bilikti ustaz сайтында ТЖКБ ұйымдарына түсу үшін құжаттарды қалай тапсыруға болады, яғни «техникалық және кәсіптік ұйымдарға құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызметі 2022 жылғы 16 наурызда Youtube каналында оқыту видеосы орналастырылды. Колледж көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйелері арқылы, "Egov" Бірыңғай порталы арқылы, «Азаматтарға арналған үкімет» корпорациясы арқылы электрондық түрде қызметтер көрсетеді. Сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қағаз нысанда көрсетіледі. Көрсетілетін қызметті алушылардың қанағаттанушылығын арттыру және мемлекеттік қызметтер

көрсету сапасын арттыру мақсатында 2023 жылға ҚР заңнамасын сақтау мәселесі бойынша бақылау іс-шараларының жоспары бекітілді. 2023 жылы колледж көрсетілетін қызметті алушыларды қолжетімді және сапалы мемлекеттік қызметтермен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастырады.